

"Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2009 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" 2009 жылғы 12 ақпандағы N 166 қаулыға толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 10 маусымдағы N 690 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 шілдеде N 5-2-113 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 19 шілдедегі N 783 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2010.07.19 N 783 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31–бабы 1-тармағының 13), 14) тармақшаларына сәйкес, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабы 2-тармағы және 7 бабы 2), 6)-тармақшаларына, «Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңарту мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264, «Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдарының қосымша тізбесі туралы» Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № 75 қаулыларына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамту мемлекеттік саясатын іске асыру және халықты жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2009 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы» әкімдіктің 2009 жылғы 12 ақпандағы № 166 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 12 наурыздағы № 5-2-106 болып тіркелген, 2009 жылғы 19 наурыздағы № 12 «Семей таңы» және 2009 жылғы 19 наурыздағы № 12 «Вести Семей» газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

«12) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын

б і т і р у ш і л е р ;

13) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

14) мектептер мен кәсіптік оқу орындарының түлектері;

15) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;

16) еңбекақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;

17) жазғы демалыс уақытындағы студенттер мен мектептер оқушылары;

18) 50 жастан асқан әйелдер;

19) 55 жастан асқан ер азаматтар;

20) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар».

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

*Семей қала әкімінің
С. Оразалиев*